

Э.С. Майшекина¹, А.К. Жумадилов¹

¹ Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

(E-mail: Eldana_18@mail.ru)

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттеудің құқықтық ерекшеліктері

Андатпа. Мақалада кәсіпкерлік қызметтің құқықтық аспектілеріне қатысты өзекті мәселелер қарастырылады. Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің ерекшеліктері, сондай-ақ кәсіпкерлердің қызметіне әсер ететін Салық және азаматтық заңнаманың маңызды аспектілері баяндалған. Кәсіпкерлердің құқықтық нормаларды бұзғаны үшін жауапкершілігі мәселелері зерттелуде. Кәсіпкерлік тәжірибеден мысалдар келтірілген. Сонымен қатар, мақалада кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асырудағы жекелеген құқықтық аспектілер зерттеледі. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі заңды аспектілері, соның ішінде кәсіпорынды тіркеу, лицензия алу, салық салу және кәсіпкердің жауапкершілігі қарастырылады. Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудегі мемлекеттің рөлі зерттеледі және осы саладағы құқықтық реттеуді жақсарту үшін бірқатар ұсыныстар қабылданды.

Түйінді сөздер: Кәсіпкерлік құқық, құқықтық реттеу, құқық, нормативтік-құқықтық акт, кәсіпкерлер, құқықтық аспектілер.

Э.С. Майшекина¹, А.К. Жумадилов¹

¹ Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

(E-mail: Eldana_18@mail.ru)

Правовые особенности регулирования предпринимательской деятельности в Республике Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные вопросы, связанные с правовыми аспектами предпринимательской деятельности. Подробно изложены особенности правового регулирования предпринимательской деятельности в Республике Казахстан, а также важные аспекты налогового и гражданского законодательства, влияющие на деятельность предпринимателей. Изучаются вопросы ответственности предпринимателей за нарушения правовых норм. Приводятся примеры из предпринимательской практики. Кроме того, в статье исследуются отдельные правовые аспекты при организации и реализации предпринимательской деятельности. Рассматриваются основные юридические аспекты предпринимательской деятельности, включая регистрацию предприятия, получение лицензий, налогообложение и ответственность предпринимателя. Исследуется роль государства в правовом регулировании предпринимательской деятельности и предлагается ряд рекомендаций для улучшения правового регулирования в этой сфере.

Ключевые слова: предпринимательское право, правовое регулирование, право, нормативно-правовые акты, предприниматель, правовые аспекты.

E.S. Mayshekina¹, A.K. Zhumadilov¹

¹ Alikhan Bokeikhan University

Semey, Kazakhstan

(E-mail: Eldana_18@mail.ru)

Legal features of regulation of entrepreneurial activity in the Republic of Kazakhstan

Annotation. The article deals with topical issues related to the legal aspects of entrepreneurial activity. The features of the legal regulation of entrepreneurial activity in the Republic of Kazakhstan, as well as important aspects of tax and civil legislation affecting the activities of entrepreneurs are described in detail. The issues of responsibility of entrepreneurs for violations of legal norms are being studied. Examples from business practice are given. In addition, the article examines certain legal aspects in the organization and implementation of entrepreneurial activity. The main legal

aspects of entrepreneurial activity are considered, including the registration of an enterprise, obtaining licenses, taxation and responsibility of an entrepreneur. The role of the state in the legal regulation of entrepreneurial activity is investigated and a number of recommendations are proposed to improve legal regulation in this area. In general, the article is a useful research material for entrepreneurs, lawyers and anyone interested in entrepreneurship and its legal regulation.

Keywords: Business law, legal regulation, law, regulatory legal act, entrepreneurs, legal aspects.

Кіріспе. Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу нарықтық экономиканың қызмет етуінің маңызды аспектілерінің бірі болып келеді. Бұл құқықтық сала кәсіпкер, мемлекет және қоғам арасындағы туындайтын қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың кең аясын қамтиды. Кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің аясы да кең болып келеді, солардың ішінде негізгілері болып Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР Азаматтық кодексі, ҚР Кәсіпкерлік кодексі, ҚР Салық кодексі және т.б. табылады. Аталған нормативтік-құқықтық актілер кәсіпкерлік қызметке қатысты кәсіпкерлер үшін кәсіпкерлік қызметті жүргізудің ережелерін, шектеулер мен міндеттер белгілейді, сонымен қатар мемлекетке де кәсіпкерлікке қатысты белгілі бір құқықтар мен міндеттер жүктейді. Тағы бір кәсіпкерлік қызметке қатысты маңызды салалардың бірі болып тұтынушылардың құқықтарын қорғау саналады. Яғни, тауардың және қызметтердің (жұмыстардың) сапасына, тауарларды қайтару және айырбастау, кәсіпкер мен тұтынушы арасындағы шағымдану мен қақтығысты шешу барысына қатысты заңнама талаптарды бекітеді. Одан бөлек, кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу салық салу, лицензиялау, кәсіпкерлікті тіркеу, қолдау және бизнесті жүргізудің басқа да аспектілеріне қатысты салаларды қамтиды.

Ескеретін тағы да бір жай, ол кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу нақты, ашық және белгілі бір тепе-теңдікке келтірілуі тиіс. Бір жағынан реттеу кәсіпкерлердің құқықтарын, бостандықтарын және қызығушылықтарын қорғауды қамтамасыз етуі тиіс, екінші жақтан, мемлекеттің және қоғамның құқықтарын, мен қызығушылықтарын қорғауды қамтамасыз етуін міндетті. Тек қана осы жағдайларды ескерген кезде

ғана кәсіпкерлік қызмет экономиканы дамытушы және қоғамның жағдайын жақсартушы тиімді инструменты бола алады.

Зерттеу объектісі болып нақты кәсіпкерлік қызмет таңылады және оның құқықтық реттеу аспектілері, сонымен қатар мемлекеттің экономикасының дамуына елеулі үлес қосатын маңызды қозғалтатын күш ретінде орны анықталады. Құқықтың бұл саласы кәсіпкерлердің құқықтары мен міндеттері анықтайды және де мемлекеттің нарықтың басқа қатысушыларымен әрекет ету тәртібін белгілейді.

Зерттеудің мақсаты болып кәсіпкерлік қатынастардың жеке түрлерінің жүзеге асырылуының ерекшеліктерін айқындау арқылы кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу мәселелерін шешу табылады. Және бұл мақсаты шешу үшін келесідей міндеттер қойылған:

1) Кәсіпкерлік заңнаманы либерализациялау арқылы кәсіпкерлік қызметті тиімді реттеу үшін құқықтық жағдайларды құру және қалыптастыру.

2) Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімді жұмыс атқаратын механизмдерін құру және барын дамыту.

Зерттеу материалдары және әдістері. Авторлармен зерттеу материалдарының кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің бағыттары әдістерінің маңыздылығы байланысты жүргізілген. Атап айтқанда кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық ережелер, құқықтық ұстанымдарға құқықтық талдау жасалынды..

Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеуге қатысты соттардың шешімдерін, мәлімет қорларындағы құжаттарды, мониторинг жасау арқылы зерделенді. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы сарапшы мамандардың, ғалымдардың пікірлері мен көзқарастарын талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Зерттеуде басқа

елдердегі кәсіпкерлік заңнамаға талдау жасау арқылы ұқсастықтары мен ерекшеліктері қарастырылып, тиімді тұстарына тоқталынды.

Негізгі зерттеу ережелері. 1. Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметті реттеудегі заңнаманы қолданудағы өзіндік ерекшеліктері бар. Кәсіпкерлік заңнама- кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу аясындағы құқықтарды барынша қорғауды, дамытуды және қолдауды қамтамасыз ету жолдарын іске асырады. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметте құқықтық нормаларды сақтамауда айтарлықтай жауаптылықты жүктейді, олар лицензияны жоғалту, айыппұл, бизнесті жабу тағы басқада зардаптар әкелуі мүмкін. Сондықтан қолданыстағы заңнамамен танысып, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында оның ережелерін сақтау өте маңызды.

2. Кәсіпкерлік қызметті реттеуде мемлекет пен кәсіпкер арасындағы субъектілердің өзара іс-қимылының қамтамасыз етуде ең маңызды аспектінің бірі болып табылады. Өзара іс-қимылдың өзі тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі жүйесіне негізделеді. Бұл дегеніміз, мемлекет кәсіпкерлік әрекеттердің қалай жүзеге асырылуы керектігін және бұл жағдайда қандай шектеулер мен талаптарды сақтау керектігін анықтайтын нормалар мен ережелерді белгілейді. Сонымен қатар, мемлекет кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеуде арнайы ережелерді, талаптарды және шектеулерді сақтауды талап етеді.

Зерттеу нәтижелері:

1. Жұмысты зерттеу аясында кәсіпкерлік қызметті реттеудің жаңа тетігі қағидаттары мен әдістерін ұсына отырып, кәсіпкерлік құқықтық қатынастарды реттеуді тиімді тетігі құрылды.

2. Кәсіпкерлердің қызығушылықтарын қорғауда жаңа тиімді құқықтық тетік анықталды. Атап айтқанда, мемлекет пен кәсіпкерлер арасындағы өзара байланысты құқықтық мониторингі арқылы жаңа іс қимыл тетігін анықталды.

Зерттеуді талқылау.

Қоғам экономикасының дамуы мен

өркендеуінің ықпал етуші элементтерінің бірі-кәсіпкерлік қызмет. Әрине, кәсіпкерлік қызметтің тиімді жұмыс істеуі үшін, бизнес-процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын, сонымен қатар, заңдарды, нормалардың сақталуын қамтамасыз ететін әділеттілік пен бәсекелестік талап ететін қатаң құқықтық реттеу қажет. Кәсіпкерлік қызметтің қазіргі кезеңдегі рөлін жетілдіруге мүмкіндік беретін, кәсіпкерлік құқықтық қатынастардың объектілерін құқықтық реттеудің негізгі аспектілерін зерделеу қажеттігі туындап отыр.

Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттейтін және нарықтың басқа қатысушылардан өзара іс-қимылды реттейтін ережелер мен стандарттарды белгілейтін заңнама болып табылады. Заңнама кәсіпкер қызметінің түрлерін, құқықтары мен міндеттері, олардың жіктелуін және заңнаманы бұзғаны үшін кәсіпкерге қолданатын шараларды анықтайды. Мемлекеттің экономикалық саясатының маңызды элементінің бірі ол кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу яғни, кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін жағдай жасау, кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау және заңнаманы бұзушылықты алдын алуға бағытталғанды.

Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу – заңды тұлға құру, тіркеу, құқықтар мен міндеттер, салық салуды, заңды бәсекелестік, зияткерлік меншікті және басқа мәселелерді реттейтін нормалармен қамтылған. [1].

Кәсіпкерлік қызметті салық және бақылау-қадағалау мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттерден қорғауға ерекше назар аударылады. Кәсіпкерлерді мемлекеттік органдар шектен тыс қадағалап, бақылайтын азайту. Осындай жағымсыз үрдістерді жою қажеттігі туындады. Осы талапты нормативтік тұрғыдан бекіту керек. Құқықтық реттеудің тағы бір маңызды аспектісі нарықтағы бәсекелестікті дамыту, оның ішінде монополияландыру мен картельдерге тыйым салу болып табылады.

Сонымен қатар, кәсіпкерлер қызмет объектілерін құқықтық реттеу және нарықта табысты жұмыс істеуі үшін

қолайлы жағдайлар жасау маңызды рөл атқарады. Кәсіпкерлік қызмет объектісі әртүрлі болуы мүмкін, ірі корпорациядан шағын бизнеске дейін, өндірістік кәсіпорыннан қызмет көрсететін ұйымға дейін. Кәсіпкерлерді қолдаудың мемлекетімізде жүзден астам түрі бар, сондықтан осы қолдау шараларын түсіндірме жүргізіп отыру қажет.

Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттейтін негізгі заңдар: ҚР ның кәсіпкерлік кодексі, ҚР Салық кодексі, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, ҚР Азаматтық кодексі болып табылады. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметті реттейтін бірқатар арнайы заңдар бар, мысалы, еңбек заңы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, зияткерлік меншік және т.б.

«Кәсіпкерлік қызмет құқығы» ұғымы заңнамада, заң әдебиеттерінде және түсіндірме сөздікте бірқатар талдау арқылы анықтауға болады. [2, б. 139].

Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеуде кәсіпкерлердің құқықтық мәртебесіне ерекше орын мән беріледі. Құқықтық реттеу әртүрлі қатысушыларға арналған, соның ішінде дара кәсіпкерлерге де арналады. Заңнамада дара кәсіпкердің құқықтық мәртебесін реттейтін заңнамалық норманың жетілмегендігін көрсету қажет әрине, бұл жерде белгілі бір мәселелер туындайтыны анық. Ең алдымен, кәсіпкерлік қызмет субъектісі пайда болуы үшін, міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өтуі қажет, кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін жас шегі, меншікке сатып алынатын мүліктің құқықтық мәртебесіне және басқа да бірқатар мәселелер. [3, б. 4]. Қазіргі кезеңде заман ағыма сай жасөспірімдерде өздерінің табыстарын кәсіпкер ретінде тіркеуді қажеттігі туындады.

Кәсіпкерлік қызмет және дара құқық субъектілеріне бірінші, кезекте коммерциялық ұйымдар мен дара кәсіпкерлер кіруі керек. Кәсіпкерлердің біріншісі, пайда табу мақсатында қызметті жүзеге асыру үшін құрылады. Ал екіншісі, тиісті мәртебеге ие болды. Осы субъектілердің санаттарына кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы міндетті болып табылады.

Кәсіпкерлік қызмет субъектісінің іс жүзінде ерекше құқықтық мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйымдар да, кәсіпкерлік қызметке дара құқықтық қатысушыларға кіреді. Оларды құру мақсаттары мен жүзеге асыратын қызмет кәсіпкерлік және табыс алумен тікелей байланысты емес.

Кәсіпкерлік құқықтық қатынастардың объектілерін құқықтық реттеудің негізгі мақсаты болып, қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, нарықта адал бәсекелестік құру, сондай ақ өнімдер мен қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету болады.

Кәсіпкерлік құқықтық қатынастардың объектілерінің маңызды аспектісі нарықта жұмыс істеуі үшін нақты ережелерді белгілеу. Сонымен қатар, кәсіпорындарды тіркеу және тарату нормаларын бекітіп, сондай-ақ нарықтағы бағалар мен бәсекелестікті реттеу тетіктерін белгілеуді қамтиды. Кәсіпкерлік қызмет объектілеріне жатады; тауарлар, қызметтер, зияткерлік меншік және басқалар жатады. [3, б. 7].

Тағы ең маңызды құқықтық аспектісінің бірі болып қызметтер мен өнімдердің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Әрине, ол белгілі бір нормалар мен стандарттарды басшылыққа алады, сонымен қатар, сарапшы мамандар мен мемлекеттік органдар тарапынан бақылау тетігін қарастырылған. Қызмет салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай және (немесе) салааралық үлгілік нормалар мен нормативтерді жұмыскерлердің өкілдерімен келісу бойынша еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бекітеді. [4]. Қазақстанда тек ғана ұлттық кәсіпкерлер палатасы емес, сонымен қатар, автор А. Астафичевтің пікірінше, нақты салалардағы қатынастарды реттеуге бағытталған бірқатар мамандандырылған органдар бар мысалы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдары, зияткерлік меншікті қорғау және т.б. [5, б.90].

Кәсіпкерлер қатынастар объектілерін құқықтық реттеу нарықтағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің және кәсіпкерлердің мүдделерін Т. А. Хановтың пікірінше, Е. О. Федосеева кәсіпкерлік қатынастар объектілерін құқықтық реттеу нарықтағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің және кәсіпкерлердің мүдделерін қорғаудың маңызды аспектісі болып табылады. Кәсіпкерлік қатынастардың объектілері тауарлар мен қызметтер, сондай-ақ тараптардың мүлкі, олардың іскерлік қызметіне байланысты құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін [6, б.11]. Якимова Е. М. ойынша кәсіпкерлік құқықтық реттеудің объектісі аспектілерінің бірі ретінде нарықта жұмыс жағдайларын жасауға қажет. [7, б. 32].

Осы зерттеудің аясындағы келесідей аспектілерді көрсетуге болады.

Біріншіден, кәсіпкерлер арасындағы іс қимылдарды бизнес әріптестіктер мен ынтымақтастық шеңберінде жүргізіледі. Олар белгілі бір мақсатқа жетуді, ортақ мүддені, пайданы ұлғайтуды және бизнесті кеңейтуді міндет етеді. Субъектілер бірлескен инвестициялар, жобаларға үлестік қатысуына және олардың орындалуына шарттар жасайды.

Екіншіден, субъектілер арасындағы өзара байланыс кәсіпкерлердің нарықтағы бәсекелестігін негізінде туындайды. Тұтынушыларды өзіне тарту үшін бәсекеге түседі. Бәсекелестік барысында қақтығыстарда туындауы мүмкін, мысалы, бәсекелестікті бұзу, бәсекелестік тәртібін ережесін бұзу және тағы басқа.

Үшіншіден, субъектілер ортасында өзара байланыс, кәсіпкерлік қызметті келісім шартқа отыру және орындау процесстері шеңберінде жүргізіледі.

Қорыта келгенде, кәсіпкерлер қызметі субъектілердің өзара іс қимылы экономиканың жұмыс істеуінің маңызды аспектісі. Бұл аспектілер кәсіпкерлерге өз ресурстарын біріктіруге нарықта көшбасшы болуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметтегі бәсекелестің тауарлар мен қызмет сапасын көтеруде айтарлықтай орын алатын анық.

Қорытынды.

Азаматтық заңнама бойынша азаматтардың заңды тұлға құрмай жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметіне коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың қызметін реттейтін ереже қолданылады деген жалпы ереже бар. Дара кәсіпкер ретінде тіркелгеннен кейін азамат жеке тұлғаға қатысты барлық құқықтар мен міндеттерді жоғалтпайды, атасақ, өзіне тиесілі кез-келген мүлікпен мәміле жасай алады, кез келген заңмен тыйым салмаған қызмет түрлерімен айналыса алады және лауазымға отыра алады, егер де кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғаларға тыйым салынбаса.

Кәсіпкер мүліктік және мүліктік емес құқықтарға ие:

- ғылыми, әдеби немесе көркем туындының, өнертабыстың немесе басқа да заңмен қорғалатын шығармашылық қызметтің нәтижесінің автор ретінде;

- жеке тұлғаға тиесілі жеке өмірге қол сұғылмаушылық, хат алмасу құпиясы және .б. жеке құқықтарды қорғау;

- неке-отбасы қатынастармен байланысты құқықтар мен міндеттерге байланысты, себебі отбасылық кәсіпкерлік түрінде де болуы мүмкін (белгілі бір кәсіпкерлікпен байланысты операциялар жасау үшін ерлі-зайыптылардың рұқсатын алу керектігі де бар);

- заңмен белгіленген тәртіпте кәсіпкер жай адам сияқты соттың шешімімен құқыққабилеттіліктен айырылуы немесе одан шектелуі мүмкін (мысалы, сот белгеле бір қызмет түрімен айналысуға тыйым салса немесе шектесе, нәтижесінде жасалып жатқан бәрлік мәмілелер жоққа шығады, яғни жарамсыз болады).

Дара кәсіпкерлікті жүзеге асыру барысында дара кәсіпкерге салықтық немесе басқа да қаржылық есептелікті жүргізуге арнайы білім қажет емес және де дара кәсіпкерге қатысты қолданылатын салық ставкалары режимдері мен жеңілдіктері заңды тұлғаға қарағанда әлде қайда қолайлы болып келеді. Дара кәсіпкерде дара мөр, өзінің тауарлық белгісі, банкте жеке есеп-шоты болуы мүмкін. Сонымен қатар, дара кәсіпкерлік

еңбек өтілімді есептеген кезде саналады, яғни болашақта зейнетақыға ие болуға мүмкіншілік береді, егерде зейнетақы жүйесі еңбек өтіліміне қатысты ережелерге ие болса.

Одан басқа, заңды тұлғаға қарағанда дара кәсіпкерлер, егер де өздерінің шаруашылық қызметін өзінің тұрғын үй аясында жүзеге асырса, жеке тұлғалар сияқты коммуналды төлемдерді халыққа арналған тарифтер бойынша төлейді.

Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің кооперативті өзара байланысы ынтымақтастықтың әр түрлі нысанын қамтиды, яғни партнерлық, альянстар, бірлескен кәсіпорындар, концерндер, тресттер және т.б. Бұл өзара байланыс ынтымақтастықтары кәсіпкерлік субъектілеріне өздерін ресурстарын біріктіруге, шығындарды азайтуға, нарықты кеңейтуге, нарықта бәсекелестікті арттыруға мүмкіншілік береді.

Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің бір-бірімен өзара әрекеттерін реттеу үшін бірқатар нормативтік-құқықтық актілер бар екенің алдында атап кеткенбіз. Осындай

актілердің бірі болып 2015 жылғы №375-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі таңылады және ол Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кешілдіктерді айқындайды, кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылына, оның ішінде мемлекеттік реттеуге және кәсіпкерлікті қолдауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді [8].

Сондай-ақ, кәсіпкерлік субъектілерінің өзара іс-қимылын реттей алатын әртүрлі келісім-шарттар бар, мысалы, тауарларды жеткізу мен қызметтерді көрсету шарттары, бірлескен қызметке арналған және т.б. шарттар. Бұл шарттарда тараптардың өзара әрекеттер ережелері, есеп айырысу жағдайлары, міндеттемелерді орындау мерзімдері және басқа да маңызды аспектілер ескеріледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. Қазақстан Республикасының кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. (2024 жылғы 1 қыркүйек күні жағдайы бойынша). [Электронды ресурс] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (жүгінген күні: 10.09.2024).;
2. Сальникова Д. А. «Понятие права на предпринимательскую деятельность в Конституционном праве государств - членов ЕАЭС» // Правовая политика и правовая жизнь. - 2019 г. - №2. - 139 б.
3. Якунина В.В. Гражданская правосубъектность индивидуального предпринимателя: проблемы возникновения и прекращения. Автореферат: дис...кан. наук Краснодар., 2009. - 4 б.
4. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. Қазақстан Республикасының кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414- V ҚРЗ. (2024 жылғы 1 қыркүйек күні жағдайы бойынша). [Электронды ресурс] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (жүгінген күні: 10.09.2024).;
5. Астафичев П. А. Социально-экономические права человека в советской и постсоветской России: опыт сравнительного исследования. // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. - 2021. - №2. - 90 с.
6. Ханов Т. А. Федосеева Е. О. Предпринимательская деятельность в Республике Казахстан. Право. 12. URL: <http://www.rusnauka.com/pdf/241790.pdf> (дата обращения: 20.09.2023), - 11 б.
7. Якимова Е. М. Конституционные права в сфере предпринимательской деятельности и особенности их субъектов-носителей. //Актуальные проблемы российского права. - 2019. - № 1. - 32 б.
8. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V ҚРЗ (2024 жылғы 1 қыркүйек күні жағдайы бойынша). [Электронды ресурс] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (жүгінген күні: 10.09.2024).

Reference

1. Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk Kodeksi. Kazakstan Respublikasynyn kodeksi 1994 zhylygy 27 zheltoksandagy № 268-ХІІІ. (2024 zhylygy 1 kyrkujek kuni zhagdayj bojnynsha). [Elektronnyy resurs] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (zhugingen kuni: 10.09.2024).;
2. Sal'nikova D. A. «Ponyatie prava na predprinimatel'skuyu deyatel'nost' v Konstitucionnom prave gosudarstv - chlenov EAES» // Pravovaya politika i pravovaya zhizn'. - 2019 g. - №2. - 139 b.
3. Yakunina V.V. Grazhdanskaya pravosub'ektnost' individual'nogo predprinimatelya: problemy vozniknoveniya i prekrashcheniya. Avtoreferat: dis...kan. nauk Krasnodar., 2009. - 4 b.

4. Kazakstan Respublikasynyn Enbek Kodeksi. Kazakstan Respublikasynyn kodeksi 2015 zhylgy 23 karashadagy № 414- V KRZ. (2024 zhylgy 1 kyrkujek kuni zhagdajy bojnsha). [Elektrondy resurs] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (zhugingen kuni: 10.09.2024).;
5. Astafichev P. A. Social'no-ekonomicheskie prava cheloveka v sovetskoj i postsovetskoj Rossii: opyt sravnitel'nogo issledovaniya. // Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta MVD Rossii. - 2021. - №2. - 90 s.
6. Hanov T. A. Fedoseeva E. O. Predprinimatel'skaya deyatel'nost' v Respublike Kazahstan. Pravo. 12. URL: <http://www.rusnauka.com/pdf/241790.pdf> (data obrashcheniya: 20.09.2023), - 11 b.
7. Yakimova E. M. Konstitucionnye prava v sfere predprinimatel'skoj deyatel'nosti i osobennosti ih sub"ektivnositelej. //Aktual'nye problemy rossijskogo prava. - 2019. - № 1. - 32 b.
8. Kazakstan Respublikasynyn Kasipkerlik Kodeksi. 2015 zhylgy 29 kazandagy №375-V KRZ (2024 zhylgy 1 kyrkujek kuni zhagdajy bojnsha). [Elektrondy resurs] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (zhugingen kuni: 10.09.2024).

Авторлар туралы мәліметтер / Информация об авторах / Information about authors

Майшекина Э. С. - PhD доктор, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы Alikhan Bokeikhan University, Абай көш..95, Семей, Қазақстан.

Жумадилов А. Қ. - аға оқытушы, мемлекеттік құқықтық пәндер кафедрасы Alikhan Bokeikhan University, Абай көш..95, Семей, Қазақстан.

Майшекина Э. С. - доктор PhD, кафедра Государственно-правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University, ул. Абая.95, Семей, Казахстан.

Жумадилов А.К. - старший преподаватель кафедры Государственно-правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University, ул. Абая.95, Семей, Казахстан.

E. S. Maishekina - PhD, Department of State and Legal Disciplines, Alikhan Bokeikhan University, Abaya Str.95, Semey, Kazakhstan.

Zhumadilov A.K. - Senior Lecturer of the Department of State and Legal Disciplines of Alikhan Bokeikhan University, Abaya Str.95, Semey, Kazakhstan.